

# ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы

Ақтөбе қаласы

**БҰЙРЫҚ**  
№2-03

05.01.2025 ж.

## Бөбекжай-балабақшадағы медициналық қызметтің жұмысы туралы

2024-2025 оқу жылында балаларға медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру, психофизикалық денсаулығын сақтау, санитарлық нормалар мен қағидаларды, бөбекжай-балабақшасында балалардың болу жағдайы мен тәртібіне қойылатын гигиеналық талаптарды сақтау мақсатында

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Бөбекжай-балабақша мейірбике М.Ж.Қонақбай:

1.1. Емханамен бірлесіп бір жылға арналған жұмыс жоспарын жасап, маған бекітуге тапсырсын.

1.2. Бекітілген жоспарға сәйкес балаларды тексеру мен профилактикалық егулерді жүргізісін.

1.3. Үй-жайларды жинау кестесін, желдету кестесін әзірлесін және техникалық персоналдың қолын қойдырып, таныстырсын.

1.4. Бөбекжай-балабақша қызметкерлері мен ата-аналармен бірге санитариялық-ағарту жұмысының және жарақаттанудың алдын алу жөніндегі жұмыстардың жоспарын жасасын.

1.5. Ас блогының, азық-түлік қоймасының санитарлық жағдайына күнделікті бақылауды, балалардың тамақтануына өндірістік бақылау жүргізуді (заттай және ақшалай нормаларды орындау), азық-түлік өнімдерін салуды жүзеге асырсын.

1.6. Тәрбиеленушілер балабақшада болған кезеңде олардың дамуын динамикалық бақылау мақсатында денсаулығына мониторинг жүргізісін.

2. Мейірбике, педагогтер

2.1. Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының жоспарын әзірлесін және маған бекітуге ұсынсын;

2.2. Бөбекжай-балабақшада дене тәрбиесіне тұрақты медициналық және педагогикалық бақылауды қамтамасыз етсін, балалардың денсаулық жағдайы мен дене дамуын динамикалық бақылауды жүргізісін және дене тәрбиесінің тиімділігіне баға берсін;

2.3. Қозғалыс режимін ұйымдастыру және шынықтыру шараларын жүргізуді медициналық-педагогикалық бақылауды жүзеге асырсын.

3. Бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі:

Уркимбаева А.Ж.

Бұйрықпен таныстырылды:

(қолы)

(Т. А. Ә.)